

Аңдатпа

Қарастырған дипломдық жұмысымда тартымды электрлік қозғалтқышына түсініктемелер жасалды сонымен қатар қозғалтқыштың топтары мен түрлерін қарастырып көрсеттім. Тартымды электрлік қозғалтқыштың зәкір диаметрі, беріліс параметрлері теңдеулерге есептемелер жасадым. Тартымды электрлік қозғалтқышына электромагнитті есептемелер мен паздар сандарын, өткізгіш өлшемдері, паздар мен тістер сандарын есептеп, зәкір ұзындықтары мен магниттік ағынды анықтадым, магниттік тізбектің бөлімдеріндегі магнитті кернеуліктерді есептеп шығардым.

Келесі бөлімдерде зәкір реакциясы әсерлерін есептеп, зәкірдің магниттелу әсерлері компенсациясы МҚК-ін, магниттік тізбек қималарын есептелу шарттарын, басты полюстің, қосымша полюстер мен коммутациялы параметрлерін есептеп таңдау жасап қарастырдым. ПӘК-нің анықтамаларын қарастырып және тартушы электрлік қозғалтқыш мінездемелерін параметрлері бойынша сызып, есептемелер жасадым.

Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде еңбек жағдайының қауіпсіздігін талдадым. Оның ішінде өндірісті жарықтандыру, өрт қауіпсіздігі, өндірістің микроклиматы және өндірістің ауасын салқындату шараларын қарастырдым. Ауа салқындату шарасы бойынша ғимаратқа ауа салқындатқыш жабдығына есептеу жүргізіп ауа салқындатқыш жабдығын таңдадым.

Экономикалық есептеу бөлімінде тартушы қозғалтқыштың капиталды шығындарын, эксплуатациялық шығындарын, электрлік энергия шығындарын есептеп, капитал салымдар тиімділігін анықтадым.